

Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 2 қазан N 2473

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_44-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының Z952464_128-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Депутаттардың:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарын сайлау 1995 жылғы 5 желтоқсанға;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарын сайлау 1995 жылғы 9 желтоқсанға тағайындалсын.

2. Депутаттар сайлауы жөніндегі сайлау іс-шаралары:

1) Сенат депутаттары бойынша - "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 70-82, 129-баптарында белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі;

2) Мәжіліс депутаттары бойынша - "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 86-98-баптарында белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі деп белгіленсін.

3. Облыстардың, Алматы қаласының, аудандардың, қалалардың, қалалардағы аудандардың әкімдері осы Жарлық күшіне енгізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының талаптарына сәйкес аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын құрсын. Қабылданған шешімдер туралы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына дереу хабарлайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Парламент сайлауын ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі сайлау іс-шараларының уақытында өткізілуін қамтамасыз ететін мерзімде Мәжіліс депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын тіркеу жөнінде шаралар қолдансын.

6. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК